

Аудандық мәслихаттың кейбір шешімін жою туралы

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 05 ақпандағы № 52-8 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабының 5 тармағына сәйкес Қарасай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарасай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 06 қарашадағы "Қарасай ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемесін жоғарылату туралы" № 48-4 шешімінің (2015 жылғы 10 желтоқсандағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 3601 нөмірімен енгізілген, 2015 жылдың 25 желтоқсандағы аудандық №52 "Заман жаршысы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

Аудандық мәслихаттың кезекті

52-ші сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихат

хатшысы

С. Малдыбаев

Е. Қалиев